

Қандай тақырыпта сөз қозғаймыз?

Не іздеп жүрсің?

сықпа

Ас мәзірі

1-тағам

Сорпа

2-тағам

Көміш, ет

## 7. Ғарышқа саяхат

- **Сабақтың тақырыбы:**

- Ғарыштағы ас мәзірі

- **Оқу мақсаты:**

- Ғарыштағы ас мәзірі туралы білу;

- Сұрау мағынасындағы сөздерді қолдану.

# Миға шабуыл



Ғарышкемеде ғарышкерлер қалай жүреді?

Олар қалай тамақтанады?

Ғарышкерлердің ас мәзірін білесің бе?

Тамақтанудың қандай ыңғайлы тәсілін қолданады ?

# Жаңа сөздермен таныс болайық



ас мәзірі-меню




сықпа-тубик



кептірілгенген -высушенная

## 14 беттегі мәтінді түсініп оқыңыз.



Ғарышта ғарышкерлер түрлі ас мәзірін пайдалана алады. Олардың тағамдары арнайы сықпада болады. Бұл сықпалардың ішінде жеміс кисельдері, сүтті кофе, борщ, саңырауқұлақ сорпасы, түрлі ботқа, тауық еті болады. Ғарышкерлерге сықпадағы тағамдарды алып жүру, қолдану өте ыңғайлы. Сықпадағы тағамның дәмі өзгермейді. Оның тек салмағы азаяды. Алғашында ғарышкерлер үшін кептірілген тағамдар дайындалған. Алайда олар үнемі үгітіліп кететін. Сондықтан ғалымдар арнайы сықпаларды ойлап тапқан.

## Мәтін бойынша сөйлемдердің жалғасын табыңыз

1.Ғарышта ғарышкерлер түрлі ас мәзірін

А. арнайы сықпада болады

2. Олардың тағамдары

Ә. алып жүру,қолдану өте  
ыңғайлы

3.Ғарышкерлерге сықпадағы тағамдарды

Б. пайдалана алады

4.Сықпадағы тағамның дәмі

В. үгітіліп кететін

5. Алғашында ғарышкерлер үшін

Г. сықпаларды ойлап тапқан

6. Кептірілген тағамдар

Ғ. кептірілген тағамдар  
дайындалған

7. Ғалымдар арнайы

Д. өзгермейді

# Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз

Сұрақтар	Сөйлемдер
Не?	
Кім?	
Қайда?	
Қандай?	
Не істейді?	
Не үшін?	
Нені?	

# Дескриптор:

- Тыңдаған мәтінді түсінеді;
- Мәтінді түсініп оқиды;
- Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемнің жартысын таба алады;
- Сұраққа жауап береді;
- Диалог құрастырады;
- Сұраулы сөйлем құрастырады;
- Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды.



*\* Кері байланыс түрлері  
“Екі жұлдыз, бір тілек” стратегиясы*



*Екі жұлдыз = екі ұнаған  
нәрсе (жұмыс туралы);*

*Бір тілек – жақсартуды  
қажет ететін нәрсе.*